

Көк тудың желбірегені – қазақтың асқақ беделі

Мемлекеттік рәміздер еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігімізді паш ететін қасиетті нышандар. Қазіргі таңда әлем көгінде қанатымен күн көтерген қыраны бар көк туымыз, елтаңбамыз бен әнұранымыз, бейбітшілік пен ынтымақтастықтың символына айналғаны сөзсіз. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болуы үшін, біз өз еліміз бен туған жерімізді, Отанымызды ардақ тұтуымыз керек. Оның ең алғашқы қадамы мемлекеттік рәміздерді құрметтеуден басталады.

Әнұран, Елтаңба, Байрақ – тәуелсіздігіміздің қасиетті символы, ажырамас бөлігі болды. Бүгін еліміз әлемге әйгілі, атымыз алты алашқа паш етілді. Сондықтан да, көк аспанда қыранымыз қалықтап, әнұранымыз шарықтап, елтаңбамыз жарқырай берсін. Әр қазақтың кеудесінен, жүрегінен өшпесін.

ҚР Мемлекеттік рәміздері күні ауданымызда салтанатты іс-шара өтіп, оған аудан мекемелерінің басшылары және қызметкерлері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, аудандық ардагерлер кеңесінің белсенділері, мәслихат депутаттары, белсенді жастар қатысты. Жерлестерін атаулы күнмен аудан әкімі Ардақ Смайылов құттықтап, тәуелсіздігіміздің тұмарына айналған мемлекеттік рәміздеріміз болашаққа бет түзген ұлы көшімізді демеп, игі істерімізді қолдай берсін деген тілек білдіріп, аудан тұрғындарына денсаулық, амандық, жұмыста табыс тіледі. Аудан басшысының Алғыс хатымен әр салада жұмыс атқарып, адал еңбегімен көзге түскен қызметкерлер марапат-

талды. Егеменді еліміздің көк байрағы көтеріліп, жанымызға рух беретін Әнұранымыз шырқалды. Әрдайым еліміз тыныш, халқымыз аман, туымыздың мәртебесі биік болсын!

Государственные символы – образ родного дома

Государственные символы являются атрибутами нашей состоятельности, как Независимого государства. Это уникальная общественно-политическая категория, ассоциативный феномен которой связан, прежде всего, с утверждением основ государственности.

Для истинного патриота Гимн, Флаг, Герб – это не просто символы, это небо и солнце над родной землей, это образ родного дома.

В День государственных символов Республики Казахстан в районе состоялось торжественное мероприятие, в котором приняли участие руководители и работники районных учреждений, районного совета ветеранов, депутаты районного маслихата. Аким района Ардак Сма-

илов поздравил земляков с праздником, отметив, что государственные символы, ставшие незыблемыми символами нашей независимости, являются вектором для новых перспектив и достижений страны, а также пожелал землякам здоровья, благополучия и успехов в труде. В рамках мероприятия состоялась церемония награждения буландынцев благодарственными письмами акима района за вклад в социально-экономическую жизнь района. Был поднят Государственный флаг и прозвучал Государственный гимн.

Именно государственные символы – одна из прочных основ нашего государства, нашего суверенитета. Поэтому во все времена государственные символы были и остаются предметом национальной гордости, и отношение к ним должно быть особое. Мы обязаны свято чтить наши символы и осознавать их достоинство и значение. Ведь



через почитание символов страны, глубокого чувства любви к своему государству и подлинный патриотизм формируются граждане Независимого Казахстана, любящие свою Родину.

Пусть нам посчастливится мечтать, добиваться успехов и трудиться под мирным казахстанским небом!

А. АМАНЖОЛОВА.



Макинск қаласына 80 жыл

Дүбірлі думан, тартысты бәсеке



Аудан орталығы Макинск қаласының 80 жылдығы аталып өтті. Мерейлі мерекеге сауын айтып жан-жақтан өнер майталмандары, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап жүрген атбегілер, жауырыны жерге тимеген балуандар, тазы жанашырлары мен қонақтар жиналды. Облыс орталығынан келген өнерпаздар қала шетіндегі бәйге алаңын думанға бөледі. Аудан әкімі Ардақ Дулатұлы Смайылов сөз сөйлеп, жиналған көпшілікті қала мерейтойымен құттықтады.

Мерекелік шара таңның атысынан тазы жарысымен басталды. Қазақтың ұлттық құндылығының бірі құмай тазылар жарысына жан-жақтан 64 тазы қатысты. Семей, Қарағанды, Астана, Көкшетау қалаларымен қатар Солтүстік Қазақстан Облысы және көршілес аудандардың тазы баптаушылары қатысты. Жарыс шарты бойынша арлан тазылармен ұрғашы тазыларды жеребе арқылы топ-топқа бөлді. Әр

топта 6 тазыдан жүгіріп, финалға тек бір тазы ғана жолдама алды. Арлан тазылар арасында әр топтан жеңімпаз атанып, финалға 6 тазы шықты: Алғыр деген тазы, иесі Мұрат Мансуров Астана қаласы,

Сармат, иесі Еркін, Көкшетау қаласы, Көкжал, иесі Нұрқожа Астана қаласы, Оқжетпес, иесі Ахмет Көкшетау қаласы, Мұзбалақ, иесі Манарбек



Көкшетау қаласы және Айқас, иесі Нұрлыбек Астана қаласы. Финалда бақ сынаған тазылардың тартысты жарысының нәтижесі бойынша 1-орынды Көкшетау қаласынан келген Оқжетпес деген тазы иеленді. 2-орыннан Астана қаласынан келген Алғыр деген тазы көрінді. 3-орын тағы да Астана қаласынан келген Айқас деген тазыға бұйырды. Ал, Ұрғашы тазылар арасында 1-орынды Астана қаласының намысын қорғаған Қарақұс деген тазы иеленді, иесі Мұрат. 2-орынды Қарағандыдан келген Еркеқыз деген тазы еншіледі, иесі Асылмұрат.

Жалғасы 2 бетте.

ӘРТҮРЛІ ТАҚЫРЫПТАР – НА РАЗНЫЕ ТЕМЫ

Дүбірлі думан, тартысты бәсеке

Жалғасы. Басы 1 бетте.

3-орынды астаналық Сағым атты тазы иеленді, иесі Еркебұлан. Барлық жеңімпаздар ақшалай сертификаттармен марапатталды. Сондай-ақ тазы жарысында «Ең жас тазы баптаушы» номинациясында Солтүстік Қазақстан Облысы Шал ақын ауданы Көктерек ауылынан келген Бүркіт Ерасыл марапатталды. Ал, «Ең әдемі тазы» номинациясы Бұланды ауданы Қараөзек ауылының Тамаша атты тазысына бұйырды, иесі Архат.

Көпшіліктің делебесін қоздырған



жарыстың бірі бәйге болды. Қамыс құлақтарын қайшылап, жер тарпыған жарау аттар боз даланың бұйра шаңын көтерді. Алдымен топ бәйге өтті. Бәйге шарты бойынша топ бәйгеге тек Бұланды ауданының сәйгүліктері ғана қатысты. 13 шақырымға сынға түскен топ бәйгеде топ жарғандар: 1-болып көмбеге Дамир Қазбай тақымдаған тұлпар келсе 2-болып Асылан Оралбекұлы тізгіндеген Сайлаухан Шайзанның сәйгүлігі келді. 3-болып мәре сызығынан Айқын Қызылжан

тақымдаған сәйгүлік келді. Ал, 16 шақырымдық аламан бәйгеге еліміздің түкпір-түкпірінен топ жарып жүрген тұлпарлар келді. 32 сәйгүлік бақ сынаған аламанда Астана қаласынан келген Бақыт Торғаев тізгіндеген тұлпар алдына қара салмай, 1-келді. 2-болып Петропавл қаласынан келген Серік Әмір тақымдаған сәйгүлік келді. Ал, 3-болып Қарағандының үкілеген үміті Нұржан Жанаттың тұлпары келді.

Көпшілік көп жиналған жарыстың



бірі Қазақ күресі болды. 55 және 74 келі салмақ дәрежесіне дейін өткізілген жарысқа жан-жақтан келген 27 балуан қатысты. 55 келіге дейінгі белдескендер арасында 1-орынды Әділбек Нұрбақыт иеленді. 2-орын Дәулетбек Еркебұланға бұйырса, 3-орындарды Егізбай Ақжарқын мен Молдахмет Жәдігер еншіледі. Бұл салмақта жүлделі орын алғандардың барлығы Бұланды ауданының балуандары. Ал, 74 келі салмақта 1-орынды Астана қаласының балуаны Әшім Сағындық жеңіп алды. 2-орынды Бұланды ауданы Қараөзек ауылының балуаны Аятхан Ерсұлтан қанжығалады. 3-орындар Қостанай облысының балуаны Киікбай Ердаулет пен Көкшетаудан келген Темірке Бекзатқа бұйырды. Барлық жеңімпаздар ақшалай сертификаттармен марапатталды.

Қала мерейтойына арналған шара кешкісін орталық стадионда эстрада жұлдыздары өнер көрсеткен мерекелі кешке ұласты. Атап айтсақ ҚР Еңбек



сіңірген қайраткері, әнші Алтынай Жорабаева, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, әнші Маржан Арапбаева, ҚР «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік медальінің иегері, әнші, актриса, тележүргізуші Зарина Омарова, ҚР мәдениет және өнер саласының үздігі, әнші Арғын Аусаров, Қазақ эстрадасының танымал жас әншісі Мәди Қадыров аудан орталығын әсем әндерімен тербетті.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.

Құрбан айт – ұлық мереке

Мейрімді Рахымды Алланың атымен бастаймын!

Он сегіз мың ғаламды жаратқан, бүкіл тіршілік иесіне жан сילהан Аллаға сансыз шүкірлер болсын. Және соңғы Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) салауаттар мен сәлемдер болсын!

Құрметті Бұланды ауданының мұсылмандары!

Құрбан айт 06.06.25 ж. басталады.

Сіздерді қасиетті Құрбан айтпен құттықтаймын!

Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде:

«Алла Тағала алдындағы ең қайырлы күндер ол – құрбан айт күні мен зулхижжа айының 11-ші күні», – деген (имам Әбу Дәуід).

Бұл әрбір жанға иләһи мейрімнің бір сынығын сыйлайтын сауабы мол маусым. Алланың Елшісі с.ғ.с.: «Адам баласының әрбір жақсылығы оннан жеті жүз есеге дейін көбейтіледі». Алла Тағала былай дейді: «Намаз оқы және құрбан шал». Осы күнде құрбан шалып, Еліміз үшін тілек тілеп өткізейік ағайын! Алла баршамыздың мінәжаттарымызбен дұғаларымызды қабыл, ұрпақтарымызды салиқалы еткей! Әмин.

Айт намаз таңертең сағат 06.00-да оқылады!

Т. ДӘРІГЕРХАН, Бұланды ауданы «Алтайбек ата» мешітінің бас имамы.

Ақпараттық хабарлама

2025 жылдың 1 маусымында Бұланды ауданында Ұлттық ауыл шаруашылығы сандағына дайындық басталды. Қазіргі уақытта Макинск қаласындағы үй шаруашылықтарын тізімдеу бойынша алдын ала зерттеу – листинг жүргізілуде.

Бұл кезеңде санақ қызметкерлері нақты тұрғылықты жерін және жеке шаруашылығын растау үшін негізгі зерттеуге жататын үй шаруашылықтарының тізімін нақтылайды.

Листинг 2025 жылғы 1 маусым мен 30 маусым аралығында өтеді. Ақмола облысының статистика департаментінің барлық өкілдерінің жеке куәлігі мен планшеттері бар.

Информационное сообщение

С 1 июня 2025 года в Буландынском районе стартовала подготовка к Национальной сельскохозяйственной переписи. Сейчас проводится предварительный обход - листинг домашних хозяйств в г. Макинске.

На этом этапе переписной персонал уточнит списки домохозяйств, подлежащих основному опросу, чтобы подтвердить фактическое проживание и ведение личного подсобного хозяйства.

Листинг пройдет с 1 по 30 июня 2025 года. Все представители Департамента статистики Акмолинской области имеют при себе удостоверение бейдж и планшеты.

Макинск қаласына 80 жыл

Биылғы жыл айтулы оқиғалармен, мерейтойларға бай жыл. Бұланды ауданымыздың құрылғанына 90 жыл, Макинск елді мекенінің Макинск қаласы атауын және мәртебесін алғанына 80 жыл болды.

Макинск елді мекенінің іргетасы 1914 жылы қаланғаны жайлы дерек энциклопедияда жарияланған. Жаңа қоныстың іргесін Біржан сал ауданындағы Макинск селосынан қоныс аударған орыс шаруалары қалағанын және елді мекеннің атауы жайлы пікірлерді аудандық газет бетінде жария еткен болатынбыз. Аудандық өлкетанушы Н. Травкиннің еңбектерінде алғашқы кезде алты көше болыпты. Олар: Вольный (қазіргі Некрасов көшесі), Софинка (Садовая көшесі), Лаврентьевский (Скуридин), Агниевка, Гвоздичный, Корниловка көшелері. Үш жылда 40 үй тігіліп, 300 адам өмір сүріпті. Жаңа қоныс бой көтерген жер Қараөзек, Қожамберген ауылдарының жайылымдық жерлері болатын. (Қожамберген ауылы 1950 жылдардың соңына қарай тарағаны жайлы архив құжаттарында дерек бар).

Елді мекеннің өсіп дамуына 1929 жылы Көкшетау - Ақмола темір жолының салынуы себепкер болды. Темір жол бойында жаңа жұмыс орындары пайда болып, қоныс «Макинск» станциясы деген атауға ие болды.

Қаламыздың тұрғындарының санының өсуіне 1942 жылы Миучинск қаласынан эвакуацияланған механикалық зауыттың Макинск станциясына көшірілуі себеп болды. Архив қорында сақталған «Макинск поселкелік еңбекшілер депутаттары Кеңесінің атқару комитетінің» 1942 жылғы 29 шілдесіндегі № 8 хаттамасында - зауытпен 1200 жұмысшы, отбасымен төрт мыңға тарта адам қоныс аударғаны жайлы жазылған.

Поселкеде небары 1300 үй бар. Қоныс аударушыларды баспанамен қамтамасыз ету керек. Оларды уақытша елді-мекендегі 2 мектеп пен «Қазақалтын» тресінің клубына орналасырып, поселкедегі кәсіпорындар мен мекемелерде жұмыс істемейтін адамдарды аудан аумағындағы колхоздарға көшіру туралы шешім қабылданғаны жазылған.

30 шілде мен 1 тамыз күндері екінші және үшінші эшалондар, 14 тамыз күні Куйбышев қаласының поршень сақиналары цехі де келіп жетті. Қыркүйек айының басында зауыт майданға қажетті алғашқы өнімдерін шығара бастайды. 1943 жылы кәсіпорында 576 жұмысшы еңбек етті.

Архив қорында сақталған 1943 жылғы қыркүйегіндегі ауданымыздың экономикалық көрсеткіштері анықтамасында аудан халқының саны- 30 042, Макинск поселкесінде- 11009 адам тұрғаны жайлы және ауданда 4 жүк автокөлігі мен 2 жеңіл автокөлік бары көрсетілген (салыстыру үшін 1941 жылдың басында ауданымызда 213 автокөлік болыпты).

Макин аудандық еңбекші депутаттары атқару комитетінің 1944 жылғы қаулысында жұмысшы кентінің қарқынды өсіп дамуына байланысты Ақмола облысының атқару комитетінен қосымша «Қараөзек» колхозынан 1000 га. жер, Еңбекшілер ауданының «Шиелі» колхозынан 1000 га. және Бұланды орман шаруашылығынан 1500 га жер беруді сұраған шешім қабылдаған.

1945 жылдың 18 мамыр күні Макинск поселкесіне аудан дәрежесіндегі қала мәртебесі берілді. Уақыт өте, аудан басшылығы алдында, ауданның әкімшілік орталығы Вознесенка селосынан Макинск

қаласына көшіру мәселесі туды...

1956 жылдың 27 қарашасындағы Макин аудандық Коммунистік партия комитетінің бюросы және Еңбекші депутаттары кеңесінің аудандық атқару комитетінің біріккен отырысында аудан орталығын Вознесенка селосынан Макинск қаласына көшіру туралы шешім қабылданды. Ол кезде ауданның 49 600 тұрғынының 30600 Макинск қаласында өмір сүрді. Елді мекенде орналасқан 47 кәсіпорын мен мекемелерде жұмыс істегендердің саны 10 мыңнан асып, еңбек еткен колхозшылардан (52,8%) артық болды. Қалада екі орта мектеп, екі жеті жылдық және екі бастауыш мектеп, 9 мәдени ағарту мекемелері халыққа қызмет көрсеткен. Болашақ аудан орталығында 47 көше, 4600 үй - жай болды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1957 жылғы 30 шілдедегі Жарғысымен Макин ауданының әкімшілік орталығы Вознесенка селосынан Макинск қаласына көшірілді.

Аудан орталығында өнімін 20 шақты елге экспортқа шығарған Ленин атындағы поршень сақиналары зауытынан басқа да көптеген кәсіпорындар болды. Олар: «Қазақ алтын тресі», «Красный деревообделочник» артелі, Омбы тас карьері, Макинск қиыршық тас карьері, Дала геологиялық барлау бірлестігінің базасы, Макин металл бұйымдары зауыты т.б.

Бұл кәсіпорындармен мекемелер еліміздің экономикасына, халықтың әлеметтік жағдайының жақсаруына зор үлес қосты. Қаламызда шағын аудандар, мектеп, балабақшалармен тағыда басқа әлеуметтік нысандар бой көтерді.

Б. ҚОЖАҚАНОВ, аудандық архив директоры.

Мал ұрлығы

Қазіргі уақытта ауылдарда ең күрделі мәселе, ол мал ұрлығы болып тұр, жылдай бағып, күтіп өсірген малын қасқағым уақытта жымқыратын ұрылар көп.

2019 жылы 27 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 6-тарауына 188-1 бабы толықтырылып 2020 жылдан бастап қолданысқа енгізілді.

Аталған бап бойынша 1 бөлігінде, қылмыстық жауапкершілігі келесідей; мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы баптың 2-бөлігінде, егер сотталушының қылмыстық іс-әрекетінде,

алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобын құрғаны үшін немесе ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау белгілері болса онда сотталушыға жаза ретінде мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады.

Ал егер осы баптың 3-бөлігінде, сотталушы қылмыстық іс-әрекетінде

бірнеше рет немесе тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалған мал ұрлау болса онда сотталушыға жаза ретінде мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Аталған баптың 4-бөлігінде сотталушының қылмыстық іс-әрекетінде

қылмыстық топ құрғаны немесе аса ірі мөлшерде жасалған мал ұрлығы болса онда сотталушыға жаза ретінде мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Мал ұрлығы бойынша осы қылмыстық бабында көрсетілгендей, мал деп түсінікке, келесілері жатады; ірі қара мал, жылқылар мен есектер, түйелер, ұсақ мал, шошқалар кіреді.

ҚК-нің 68-бабы 1-бөлігінде қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады делінген.

ҚК-нің 11-бабы 3-бөлігіне сәйкес ҚК-нің 188-1 бабы 1-бөлігі, ауырлығы орташа қылмыстар санатына жатады және де ол жәбірленушімен татуласқан және келтірілген зиянды қалпына келтірген, бұндай жағдайда ол қылмыстық жауаптылықтан міндетті түрде босатылуға жатады, ал енді осы қылмыстық баптың 2,3,4 бөліктерінде ондай мүмкіндік қарастырылмаған.

Яғни заң шығарушы осы санаттағы қылмыстық істердің алдына-ала шараларын қолданып, санын азайтуға арналған шаралар деп түсіну қажет.

Атам қазақ амандасқан кезде, ең бірінші «Мал-жан аман ба?» деп сұрайды, яғни қыста аязға тоңып, жазда ыстыққа көніп, бағып отырған мал аман болса елдің жағдайы жақсы деген сөз осыдан шыққан.

Осы қылмыстық істерді зерделеу барысында, аңғарған бір жойт, ол мал иелерінің өздерінің малдарына салғырт қарауы, яғни далада жайылып жүрген малдарына уақытылы тексермеуі, жоғалған мал туралы полиция органдарына уақытылы хабарламауы себепті, осындай жағдайларға әкеп соғады.

Ойымды қортындылай келіп, айтарым әрқашанда сақ болып, баққан малдарыңызға қырағы қарап, осындай қылмыстардың алдын алуға болады.

Д. НАУКЕНОВА, Бұланды аудандық сотының төрағасы.

АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

Ауданымыздың абыз ақсақалы 85 жаста

Өмірі өнегеге толы, әр сөзі маржандай, құлағанды қолтықтап, жылағанды жұбатып, әр айтқан ақылы тура жол нұсқап, есінді жидырып, еңсенді тіктететін қайран қазақтың абыздары-ай. Дархандығы даламыздай кең, ақ көңілді пейілін кір шалмаған ауданымыздың абыздарының бірі Төлеубек Жүсіпбекұлы. Көшеде кезіккен жанның қал-жағыдайын сұрап, амандық тілеп жүретін Төлеубек атаны білмейтін жан жоқ. Кез келген мерекелік шараға қатысып, жастарға бағыт-бағдар беріп жүреді. Газет беттерінде мақала жазып, ел-жұртты ауданның тарихымен таныстырып отыру да Төлеубек атаның сүйікті ісі. Төлеубек атаның сый-құрметке бөленуінің бір себебі өмірін ұстаздыққа арнауы. Ел еңсесін енді тіктей бастаған қысылтаң кезде шәкірт тәрбиеледі, ауылдың қара домалақ балаларын жинап білім берді. «Балаларыңды оқытыңдар» -деп әр шаңырақты аралады. Ауданымызда алғаш ана тілде білім беретін қазақ сыныптарының ашылуы осы Төлеубек атамизбен тікелей байланысты. Сол кездегі кеуделерін ұлттық намыс кернеп, қазақ сыныптарын ашсақ деп жарғақ құлағы жастыққа тимеген жандардың бірі.

Төлеубек ата 1940 жылы ауданымызға қарасты, қазіргі Құс фабрикасы бой көтерген жердегі Қараөзек ауылында дүниеге келген. Ауылдағы бастауыш мектепті бітірген соң қаламыздағы №1 мектепте білімін жалғастырды. Қайта оралмас сол бір шақтарын Төлеубек ата: «Ауылдағы бастауыш мектепте оқып жүргенімізде Жұбай деген ұстаз сабақ берді. Өзі майдангер кісі болатын. Ол кезде қолмен қағатын қоңырау да жоқ еді. Мектептің алдында темір шелек тұратын соны бір тепкенде үзіліске шығамыз, екі тепкенде сабаққа кіретініміз. Бастауыш мектепті бітірген соң Макинск қаласындағы №1 мектепке қатынап білім алдық. Қыстың ақ бұрқақ боранды күндері келіп кету қиынға түсетін. 10 жылдық мектепті бітірген соң ұстазымыз Алтын Баймағамбетқызының ұсынысымен Қарағанды қаласындағы педагогикалық институттың тарих және филология бөліміне оқуға түстім. Оны

ойдағыдай тәмамдаған соң қаламыздағы өзім білім алған мектепке мұғалім болып келдім. Осылайша ұстаздық жолдан еңбек демалысына шықтым»-деп еске алған еді.

Төлеубек ата қысылтаң жылдары ауылдағы қазақ балаларының қаламызға келіп білім алуы үшін алғаш мектеп интернатын ашқан жан. Күләй Молдахмедқызы екеуі 1969 жылы шаңырақ көтеріп 3 бала тәрбиелеп өсірді. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып қазір немерелерінің қуанышына бөленіп отыр. Әкесі Жүсіпбек елге сыйыл қарапайым шаруа адамы болған. Анасы Қимас қолынан іс келетін жан еді. «Қазақтың қанына сіңген қарапайымдылығы, жомарттығы болар 1949 жылы ауылымызға қоныс аударушы өзге ұлт өкілдерін әкеле бастады. Сол жылдары екі бөлмелі үйіміздің бір бөлмесіне бала-шағасы бар неміс ұлтының жанұясын тұрғыздық. Бір нанды бөліп жеп олармен де біте қайнасып кеттік», -дейді Төлеубек ата.

Көненің көзі, асылдың сынығы, даналықтың мәйегі болған Төлеубектей абыз кеуде аталарымыздың қоғамды, ұлтты тәрбиелеуде орындары бөлек. Адами асыл қасиеттің шыңынан қарайтын қазыналы қарияларымыз аман болсын. Төлеубек атаны 85 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Өмірдің бар қуаныш, шаттығын тілейміз. Ел үшін төккен маңдай теріңіз бен, еселі еңбегіңіздің жемісін көріңіз.

З. ЖАЙНАРБЕК.



5 июня Тулеубеку Жусупбековичу Жусупбекову исполняется 85 лет. Его военное и послевоенное детство, как и всех деревенских подростков, про-

ходило в нелегких условиях. Рано пришлось приобщаться к тяжелому крестьянскому труду. В годы учебы в старейшей смешанной городской школе №1 проявил интерес к общественно-историческим наукам и поступил на историко-филологический факультет Карагандинского педагогического

института. После успешного его окончания молодого педагога направили на два года в Краснофлотскую школу-интернат Енбекшильдерского (ныне района Біржан сал) района Кокчетавской области, далее - в Даниловскую среднюю школу Макинско-го (ныне Буландынского) района Целиноградской области. Вскоре он вернулся в родной город и был принят в свою школу на должность преподавателя истории и обществоведения. Своими богатыми традициями и большим опытом школа была известна и за пределами области. Преподаватели в школе были истинными мастерами своего дела, педагогами высокой квалификации. В середине шестидесятых годов прошлого столетия страну всколыхнул призыв партии по всеобучу школьной молодежи. При средней школе за короткий срок был построен и оборудован интернат для детей животноводов, механизаторов и специалистов сельского хозяйства района. В интернате обучалось 80 детей, окруженные заботой государства. Здесь продолжилась трудовая биография

Тулеубека Жусупбековича в должности заведующего интернатом. В жизни сельских детей происходили большие перемены, построены общежитие, столовая, библиотека, медпункт, культурно-бытовые объекты и спортивные сооружения. В воспитание и развитие детей вносили свой вклад учителя и воспитатели. Все делалось для того, чтобы в интернате было интересно учиться и комфортно жить, поэтому было много хороших спортсменов, талантливых артистов, и воспитанники активно посещали кружки по интересам и занимались художественной самодеятельностью. Большое удовлетворение ветерану доставляет мысль о том, что бывшие воспитанники интерната стали хорошими людьми и плодотворно трудятся в различных отраслях. Многолетний труд педагога заслуженно отмечен Нагрудным значком «Отличник народного образования», районными, областными и республиканскими грамотами. Уйдя на заслуженный отдых, продолжает оставаться человеком с активной гражданской позицией, принимает участие в городских и районных мероприятиях.

Тулеубек Жусупбекович – постоянный автор публикаций в районной газете: на страницах газеты освещает социально-экономическую жизнь района, поднимает насущные вопросы. Подает пример молодежи, как общественники и эко-активист, традиционно организовывая экологические субботники в лесном массиве поселка Степгеология. Его часто приглашают в качестве почетного гостя на диалоги поколений, где он дает мудрые наставления молодежи, каждый раз подчеркивая, что нужно ценить нынешнее благополучие и процветание, в котором современное подрастающее поколение живет и получает знания.

Поздравляя Тулеубека Жусупбековича со славным юбилеем, желаем ему крепкого здоровья еще на долгие годы, бодрости духа, энергии, чтобы в кругу семьи в здравии встретить с размахом сотый юбилей!

А. АМАНЖОЛОВА.

Все лучшее - детям!

Маленькие граждане нашего государства, подобно нежным цветкам, нуждаются в заботе, нежности и внимании.

На центральном стадионе г. Макин-ска состоялся детский шумный праздник, посвященный Международному Дню защиты детей. Главная спортивная площадка района в этот день была заполнена до предела: маленькие жители района вместе с родителями пришли отметить первый день лета и окончания учебного года. Радостным, задорным и веселым постарались сделать его организаторы – районный отдел образования - и спонсоры, ведь недаром он отмечается в самый первый день солнечного лета.

Программа праздничного мероприятия была очень насыщенной и интересной: игры, песни, танцы, театрализованные представления, спортивные соревнования и интересные конкурсы, поздравления взрослых, шоу с аниматорами, сказочными персонажами, конкурс рисунков, арт-творчество и многое другое. На каждом уголке стадиона развлекали детей в разных игровых форма-тах, чтобы ребятишки смогли проник-

нуться атмосферой праздника.

Дети озаряют нашу жизнь и наделяют ее особым смыслом. Для всех нас нет ничего важнее их улыбки и радости. Пусть у каждого ребенка сбываются его мечты и раскрываются таланты, чтобы подрастающее поколение росло достойными гражданами нашей независимой Родины!

Среди детишек были проведены конкурс рисунков на асфальте, весе-

лые старты, ребятишек развлекали аниматоры, были организованы игровые площадки, за счет спонсорских средств детям раздавали бесплатное мороженое.

Завершен очередной учебный год. Впереди беззаботная, летняя пора, которая будет, несомненно, наполнена позитивом, активным отдыхом для всех детей района. Желаем деткам веселого лета, отличного отдыха, зарядиться

энергией и запастись витаминами перед предстоящим учебным годом. Не тратить каникулярное время впустую, а заниматься саморазвитием, спортом, творчеством, читать книги, активно играть на свежем воздухе, при этом, не забывая о правилах безопасности.

А. АМАНЖОЛОВА.

Фото А. КАЛИЕВОЙ, bulandy_audanyyn_akimdigi.



Охранять природу – значит охранять Родину

5 июня - День эколога

Тема экологии в последние десятилетия вышла в сферу большой политики. Между тем для ее сохранения, чистого воздуха и привычного образа жизни чрезвычайно важна деятельность эколога. Об истории праздника в Казахстане и масштабных экологических проектах страны – в материале Zakon.kz.

В Казахстане День эколога официально отмечается немногим больше десяти лет – в 2011 году президент подписал соответствующий указ и дата вошла в перечень профессиональных праздников. До этого времени в республике превалировал международный аналог – Всемирный день окружающей среды.

В 1972 году на Генеральной ассам-

блее ООН государства – члены организации решили учредить памятный день – 5 июня, как Всемирный день окружающей среды. В то время тема защиты и охраны природы стала выходить на первый план в международной политике, общемировой ущерб экологии был оценен как масштабный и к глобальной проблеме было решено привлечь всеобщее внимание.

История праздника и государственный подход

В Казахстане 5 июня – профессиональный праздник всех, кто занят охраной и защитой природы, включая сотрудников Министерства экологии и природных ресурсов, работников государственных учреждений, например, инспекций по животному и растительному миру, и неправительствен-

ные экологические организации.

Государство в сфере экологии и защиты окружающей среды действует в нескольких направлениях. С одной стороны, ведется контроль за промышленными предприятиями и их вредными выбросами. С другой, защита природы – на территории республики обитают и произрастают многие краснокнижные растения, животные и птицы.

В течение десятилетий был запущен и реализован не один десяток проектов по защите окружающей среды. Один из самых масштабных – национальный проект «Зеленый Казахстан», утвержденный постановлением правительства. В документе перечислены цели, которых государство намерено достичь за пять лет.

Проект запланирован в период с 2021 по 2025 год, на этот год планируют выделить порядка 365 млрд тенге, а в 2025-м – уже более 569 млрд тенге. Предполагается, что по окончании национального проекта «Зеленый Казахстан» существенно улучшится ситуация с экологией и охраной природы в стране. Пока работы идут на территории национального парка «Иле-Балхаш». Там специалисты проводят мероприятия по восстановлению численности редких и исчезающих видов животных.

Государственное финансирование также направлено на сохранение лесов, рыбных ресурсов и водоплавающих, редких видов животных и т. д. Особое внимание решено уделить экологическому образованию и про-

свещению. По замыслу правительства, в Казахстане должно сформироваться эко-ориентированное информационное пространство.

Как отмечают День эколога

День эколога – отличный повод вручить награды тем, кто изо дня в день занимается защитой природы. Как правило, в список номинантов входят сотрудники природоохраны, активисты некоммерческих экологических организаций, а также предприятия, вкладывающие финансы в экологические проекты. Помимо этого, к 5 июня стараются приурочить экологические акции, в которых могут принять участие все желающие. Правда, эти мероприятия обычно выходят за рамки праздничных дней.

zakon.kz.

ХАТТАР ҚОРЖЫНЫ – ПИСЬМА В РЕДАКЦИЮ

Өлеңмен өрілген бала жүрек

Өлең - жүректен туған сыр, көңілдің көркем үні. Ал оны жүректен сезініп, қаламмен өрнектей білетін бала - нағыз талант иесі.

Мектебімізде осындай талантымен көзге түсіп жүрген оқушылардың бірі-9-сынып оқушысы Аяулым Ахметжанова. Айтыс ақыны Елеш Хавылханұлының «Қауырсын» жас ақындар үйірмесінің белсенді мүшелерінің бірі болып жүрген шәкіртіміз домбыра тартып, топтың құрамында ән де айтады.

«Білім мен өнер - ұлттың қос тірегі» дегендей, Аяулым тек ақынжанды ғана емес, сонымен қатар үздік оқушы. Оның әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне ықыласы ерекше. Аудандық, облыстық байқауларда топ жарып жүрген Аяулымның қаламынан туған жырлар түрлі тақырыпты арқау етеді. Әр шумақтан бала жүрегінің тазалығы, арманы мен шынайылығы сезіледі. Мұндай дарынды өрендер - ұлт болашағының жарқын көрінісі. Олар тек жақсы оқып қана қоймай, ұлттық өнер мен рухани байлықты бойына сіңіріп өсіп келеді. Өлеңге ғашық өрендер арқылы қазақ поэзиясының болашағы зор екеніне сенім мол.

Аяулымның соңғы уақыттағы жетістіктеріне көз жүгіртсек: 2023-2024 оқу жылында «Жарқын болашақ» республикалық олимпиадасының аудандық

кезеңінде «Жас қаламгер» номинациясы бойынша 3-орын, М.Мақатаев оқулары «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды...» аталымының аудандық кезеңінде 1-орын, «Геолог - барлық уақыттағы мамандық» атты эссе байқауының аудандық кезеңінде 2-орын, «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында 3-орын иеленген еді. Биылғы 2024-2025 оқу жылында қазақ тілі пәні бойынша өткізілген аудандық олимпиадада 2-орын, «Жарқын болашақ» республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде «Жас қаламгер» бағыты бойынша 2-орын, «Махамбет оқулары» байқауының «Тартынбай сөйлер асылмын» номинациясының аудандық кезеңінде 1-орын, «І. Жансүгіров оқулары» байқауының «Жаз! Жаз! Қалам, жорғалап» бағыты бойынша аудандық, облыстық кезеңдерінде 1-орынды иеленген жас ақын мамыр айының орта кезінде Талдықорған қаласында өткізілген республикалық кезеңіне қатысып, 3-орын жүлдегері атанды.

«Поэзия падишасы «атанған көрнекті ақын Фариза Оңғарсынова» Жақсы өлең-адам жанының айнасы», - деген болатын. Ендеше, Аяулымға да осы ақын апайымыздың жолын беріп, үлкен ақындық мектебінен



өтуіне, ойы ұшқыр, қаламы жүйрік болуына тілектеспіз.

М. РАХИМОВА, Қараөзек ауылының ЖОББМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.

Елдігімнің айғағы - рәміздерім

4-ші маусымда модельдік балалар кітапханасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай «Балдырған» бебекжайының «Балдәурен» және «Арман» ересек топ балаларының қатысуымен «Елдігімнің айғағы - рәміздерім» атты патриоттық сағат өтті. Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеудің басты мақсаты - Отанымызды сүйе, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған елімізге адал қызмет етуге тәрбиелеу.

Іс-шара барысында Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалып, рәміздерге арналған бейнеролик көрсетіліп, кітапхана маманы балаларды мемлекеттік мерекемен құттықтады. Балалар рәміздер туралы ақпарат алды. Қатысушыларға викториналық сұрақтар қойылып, балалар өз білімдерін жақсы көрсетті.

«Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтаныш» көрме жасалып, Ата заңымыз «Қазақстан Республикасының Конституциясы», Ы. Сағынтаевтың «Қазақстан Республикасының рәміздері»,



Е. Шаймерденовтың «Елтаңбам», «Қазақ елінің рәміздері» «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерінің қалыптасу тарихы» т.б мемлекеттік рәміздердің тарихы мен маңызы жайлы, авторлардың өмірбаяны, егемендікті еншілегенге дейінгі еліміздегі тарихи рәміздер туралы материалдарымен мерзімді басылымдарындағы мақалалар қойылды.

Шара соңында кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалды.

А. ЕСІМОВА, Модельдік балалар кітапханасының маманы.

Счастливы дети – счастлива семья

В рамках инновационного проекта «Семейное чтение - духовная связь поколений» в модельной детской библиотеке был про-

веден праздничный калейдоскоп «Я и моя счастливая семья. В мероприятии приняли участие многодетные и талантливые семьи

Катковых, Сагиндыковых, Бахытхан. Началось мероприятие с представления семей.

В своей визитной карточке каждая семья рассказала о себе, о своих увлечениях, о самых любимых своих любимых книгах. На протяжении всей встречи участники были активны в играх, танцах, показали свои умения быстро собрать ребенка в школу. Одновременно транслировалось видео «Семья – самая главная ценность». Методист Буландынской ЦБС Хамидуллова Аружан исполнила песню «Ертегілер», придав мероприятию праздничное настроение. В заключение участникам были вручены грамоты и памятные подарки. Мероприятие прошло оживленно и интересно.

Г. НУРКИШЕВА, старший специалист Модельной детской библиотеки.



С окончанием учебного года!

Ингушский народный ансамбль «Сердало» поздравляет всех участников и родителей с окончанием учебного года.

Уважаемые родители!

Для вас этот праздник не менее радостный, волнительный и долгожданный, чем для ваших детей - для вас это значимое событие. Пусть приносит он счастье, а полученные знания будут радовать и помогать двигаться по жизни. С окончанием учебного года вас и хотим пожелать вам, чтобы никогда не болели, оставались для своих детей поддержкой и опорой, шли только вперед и никогда не грустили, сил вам и терпения!

Вам родители желаем

Хорошенько отдохнуть.

Чтобы осенью с улыбкой

Вновь отправиться вам в путь.

А летом солнцем наслаждайтесь,

И зеленеющей травой.

А как учебный год начнется,

Заступайте снова в бой!

От души поздравляем вас и желаем вам испытывать радость и гордость за успехи ваших детей, хорошего вам отдыха от школьных забот. Пусть ваши дети никогда вас не расстраивают, а только радуют, настроение чтобы всегда было на высшем уровне и чтобы солнце всегда светило ярко!

Р. ГАГИЕВА, руководитель ингушского народного ансамбля «Сердало».

Безопасность летом: как дети могут отдыхать без риска

Летний период несет в себе не только радость отдыха, но и высокие риски для детей и подростков. Часто во время летних каникул дети проводят много времени без присмотра взрослых, и, как следствие, во время летних каникул значительно растет количество несчастных случаев и различных травм. Лето характеризуется на растением двигательной активности и увеличением физических возможностей подростков, которые, стремятся к самостоятельности, что нередко приводит к возникновению опасных ситуаций.

Основными опасными факторами, которые могут привести к травмам, являются: нарушение правил дорожного движения; нарушение правил электробезопасности; нарушение правил противопожарной безопасности, в том числе обращение с огнем; солнечные ожоги и солнечные тепловые удары; укусы насекомых; пребывание на воде; самостоятельные походы в лес; употребление лекарственных препаратов без назначения врача; табакокурение, употребление алкогольных напитков.

Важно:

* Обсуждайте правила безопасности с детьми в понятной и доступной форме, используя примеры из жизни.

* Будьте примером для своих детей, соблюдая правила безопасности сами.

* Не забывайте о том, что безопасность – это постоянный процесс, требующий внимания и заботы.

Помните: безопасность детей летом – это ответственность взрослых. Следуя этим советам, вы сможете сделать каникулы для ваших детей не только приятными, но и максимально безопасными, обеспечив им здоровый и радостный отдых.

И. ДУДНИКОВА, педагог-организатор ГККП «Центр детско-юношеского творчества города Макинска».



ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ – ЗАКОН И ОБЩЕСТВО

Государственная забота: защита прав и оказание поддержки несовершеннолетним

Органы опеки и попечительства Буландынского отдела образования, руководствуясь законами и нормативными правовыми актами, обеспечивают гарантированную защиту прав детей и осуществляют работу по оказанию помощи детям-сиротам, детям, оставшимся без попечения родителей, а также лицам из числа данной категории.

В своей деятельности орган опеки руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Конвенцией ООН о правах ребёнка, законом РК «О правах ребёнка», Кодексом «О браке (супружестве) и семье», законом РК «О жилищных отношениях», Социальным Кодексом РК.

Основные задачи отдела опеки и попечительства:

1. Своевременное выявление и постановка на учет детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей;
2. Обеспечение оптимальной формы устройства таких детей и контроль за условиями их проживания, воспитания и образования.

При определении формы устройства детей приоритет отдается передаче в приемные семьи, под опеку или попечительство, усыновление. Помещение в детские учреждения рассматривается лишь при невозможности семейного устройства.

Причины утраты родительского попечения: Чаще всего это уклонение родителей от исполнения обязанностей, создание угрозы жизни или здоровью детей, отказ от детей, смерть родителей, осуждение, психические заболевания, алкоголизм, наркомания, а также лишение или ограничение в родительских правах. Данные случаи рассматриваются на заседаниях Комиссии по делам несовершеннолетних и защите их прав.

Несовершеннолетние, оказавшиеся в трудной жизненной ситуации, направляются в Центр поддержки детей города Ак-коль.

На территории Буландынского района под опекой и попечительством находится

50 детей, из них:

- 17 — дети-сироты;
- 33 — дети, оставшиеся без попечения родителей (ОБПР);
- Двое детей воспитываются в патронатной семье.
- Образование получают: 35 детей — в общеобразовательных школах;
- 1 — в школе-интернате села Урюпинка;
- 7 — студенты колледжей;
- 6 — дошкольники, в том числе один — воспитанник спецгруппы
- 1 — малолетний ребёнок.

В Республиканской базе данных зарегистрированы две семьи, усыновившие детей.

Социальные выплаты:

Все дети, имеющие право на пособия по случаю потери кормильца или инвалидности, получают выплаты в полном объеме. Также через отдел образования ежемесячно выплачивается пособие в размере 39 320 тенге. Опекуны обязаны дважды в год отчитываться о целевом расходовании средств. Отчеты фиксируются и хранятся в Республиканской базе данных.

Жилищный вопрос:

Все дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей, находящиеся на патронатном воспитании, состоят в очереди на получение жилья из государственного жилищного фонда. Пять детей имеют собственное жилье, на которое направлены охранные письма в органы юстиции.

Контроль условий проживания:

По поручению Управления образования специалистами органа опеки и попечительства, согласно графика проводятся выезды в семьи с фотоотчетами и обследованием жилищно-бытовых условий. Замечаний к опекунам по воспитанию детей не выявлено. Опекунам оказана юридическая помощь по вопросам оформления жилья и установления статуса ребёнка. В отноше-



нии трёх родителей, дети которых находятся под опекой, судом принято решение о лишении родительских прав.

Психологическая и педагогическая поддержка:

Школьными психологами проведена работа по выявлению уровня тревожности у детей, составлены психологические характеристики. Дети с высоким уровнем тревожности не выявлены.

С целью контроля за обучением студентов из числа детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, осуществляется постоянное взаимодействие с кураторами колледжей. В отдел опеки регулярно предоставляются справки об обучении, фотографии и психологические характеристики несовершеннолетних.

Акты обследований и психологические характеристики загружены в Республиканскую базу данных.

Межведомственное взаимодействие:

Работают в сотрудничестве с школами, ювенальной полицией, социальными службами, медицинскими учреждениями.

Т. МАКСИМОВА, методист по защите прав детей ГУ «Отдел образования Буландынского района управления образования Акомлинской области».

Не нарушать показателей надежности электроснабжения

Департаментом атомного и энергетического надзора по Акомлинской области (Департамент) проведена проверка по соблюдению Правил определения нормативных значений показателей надежности электроснабжения ТОО «Лайтэк» (Товарищество).

При проверке установлено, что Товарищество несвоевременно предоставило информации о показателях надежности электроснабжения, предусмотренной вышеуказанной нормой Правил по форме, согласно приложению к настоящим Правилам.

Необходимо отметить, что ранее Департаментом предупреждены все руководители энергопередающих организаций региона, в случае непредоставления, несвоевременного предоставления либо выявления фактов недостоверной или неполного предоставления запрашиваемой информации, Департаментом будут приняты меры по составлению протокола об административном правонарушении по ч. 3 ст. 172 кодекса об административных правонарушениях» (КоАП РК), непредоставление, несвоевременное, недостоверное или неполное предоставление энергопроизводящей, энергопередающей организациями запрашиваемой государственным органами информации, необходимой для осуществления их полномочий, предусмотренных законодательством об электроэнергетике, - влекут штраф на субъектов малого предпринимательства в размере ста пятидесяти, на субъектов среднего предпринимательства – в размере трехсот, на субъектов крупного предпринимательства – в размере тысячи шестисот месячных расчетных показателей.

Однако, Товарищество в срок, установленный вышеуказанной нормой Правил не предоставило запрашиваемую информацию о показателях надежности электроснабжения за отчетный период.

Тем самым, действия Товарищества по несвоевременному и неполному предоставлению запрашиваемой информации о показателях надежности, не позволяют Департаменту исполнять свои полномочия своевременно и в полном объеме.

Таким образом, по результатам проверки Департаментом привлечены к административной ответственности виновные должностные лица ТОО «Лайтэк» по ст. 172 ч. 3 кодекса об административных правонарушениях и наложен административный штраф.

В этой связи, предупреждаем все энергетические предприятия области о необходимости ведения учета технологических нарушений в соответствии с вышеизложенными нормами Правил и представлять достоверную отчетность о технологических нарушениях.

В случае выявления факта представления энергетическими организациями недостоверной информации о технологических нарушениях либо факта сокрытия информации о возникших технологических нарушениях, будут приняты меры по привлечении виновных должностных лиц энергопредприятия к административной ответственности.

А. УКПЕНОВ, руководитель Департамента.

